Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
Көркем әдебиет	Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор. Күнделікті өмірде кездесетін көлік атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Өнімдердің, ыдыс-аяқтардың, жиһаздардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың, адам денесінің бөліктерінің атауларын қайталау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетін дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қою және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беру, диалогқа қатысу қабілетін жетілдіру.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, ал бөліктің жиыннан кіші екенін түсіндіру.</p> <p>Сан және санау. Нақты жиындарды салыстыру негізінде он шегінде жақын тұрған сандарды салыстыру.</p> <p>Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына (біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне) сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Мұның бәрі адамның өзіне: оның еңбекқорлығы, табандылығы, өзіне деген сеніміне байланысты екенін түсінуді қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p>

Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу. Бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Балалардың мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы) маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту

Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерімен, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерімен таныстыру.

Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғаттың өзара әрекетін көрсету. Табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау (маусым – өсімдіктер – адамдардың еңбегі).


Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы (тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, жапырақтары жарықты ұстап өсімдікті қоректендіруі).

Жануарлар әлемі. Жабайы жануарлардың өмірі туралы түсініктерді кеңейту. Жылдың әр мезгілінде жануарлардың сыртқы түрі мен өмір салтының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге және сипаттауға, қоныс аударатын және қыстайтын құстарды ажыратуға және атауға, құстардың пайдасы туралы түсінікті

	<p>бекітуге үйрету. Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру.</p>
Сурет салу	<p>Жаңа түстер мен реңктерді алу үшін бояуларды араластыру қабілетін жетілдіру (гуашьпен сурет салу кезінде) және бояуға су қосу арқылы түсті бөлектеу (акварельмен сурет салу кезінде). Қарындаштармен сурет салу кезінде қарындашты басу арқылы түс реңктерін беруді үйрету. Қарындашпен салу кезінде балалар басу арқылы түстің үш реңкіне дейін жеткізе алады.</p>
Мүсіндеу	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, кескіннің жеке шешімін өз бетіңізше табу; пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p>
Жапсыру	<p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Балаларды өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуге («серіппе») үйрету.</p> <p>Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыруды жалғастыру, қазақ халықтық би өнері ежелден қалыптасқанын, ол бай ауызша әдебиеті, әндері, халқымыздың дәстүрлі өмір салты бар елдің мұрасы екенін түсіндіру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>

Ақмола облысы,
Қосшы қаласы

ЖШС «Амина-2011»
балабақшасы



Ақмолинская область,
город Косшы

ТОО «Амина-2011»
детский сад



**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ:**

«Қарлығаш» мектепалды тобы

Тәрбиеші : Исабекова А.Б.

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы *Амина -2011 балабақшасы*

Топ/сынып: *Қарлығаш мектепке дейінгі ұйымның мектепалды тобы*

Бала жасы: бес жастағы балалар

Кезеңі: *ақпан*

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қозғалыс дағдылары мен дағдыларын бекіту және жетілдіру.</p> <p>Негізгі қозғалыстар</p> <p>Жаяу жүру. Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Жүгіру. Жүрумен алмастыра отырып, 100–120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу.</p> <p>Секіру. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Сапқа тұру, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу;</p>

	<p>артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Спорттық ойындар. Баскетбол элементтеріне үйретуді жалғастыру; кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру; допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу; өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздегі дыбыстардың орналасуын анықтау бойынша жұмысты жалғастыру (басы, ортасы, соңы); фонематикалық есту қабілетін дамыту; артикуляциялық жаттығуларды орындау.</p> <p>Сөздік қор. Әр түрлі заттарды сипаттау және араласу үшін қажетті сөздерді түсіну және қолдану дағдыларын қалыптастыру; зат есімдер мен жалпылама сөздерді дұрыс қолдану қабілетін дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Қосымшамен етістіктерді қалыптастыру және қолдану, сөйлеу этикетінің формаларын қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, біртұтас монолог құру, оқиғаны дәйекті түрде қайталау, шағын логикалық және баяндау әңгімелерін құрастыру қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Шығармашылық баяндауды жетілдіру: бақылаулар мен сызбалар бойынша сипаттамалық және баяндау әңгімелерін құрастыру</p>
Көркем әдебиет	<p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
Грамота негіздері	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: қарапайым сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау; ұсынылған сөзге сөйлем құрастыру қабілетін дамыту</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу және артикуляциялық аппараттарды, тыныс алуды және нақты дикцияны дамытуды жалғастыру.</p>


	<p>Сөздік қор. Заттардың белгілерін (түсі, мөлшері), заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және айту қабілетіне үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өзі туралы (аты-жөні, жасы), отбасы туралы айту, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту дағдыларын қалыптастыру (Сәлеметсіз бе? Сау болыңыз! Рахмет!)</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Шама. Санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде жиынның әртүрлі бөліктерін салыстыру қабілетін үйрету; жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау.</p> <p>Сан және санау. «Қанша?», «Нешінші?» («Қандай?») сұрақтарын ажырата білуге үйрету, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі бағалауды, өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімділікті тәрбиелеуді жалғастыру.</p> <p>Заттық әлем, кеңістіктік бағдар. Үй-жайда, балабақша учаскесінде еркін шарлау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, олардың белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін жабдықталуын, сондай-ақ</p>

	<p>ұялы телефондарды, компьютерлерді, Интернетті, теледидарды пайдалану туралы білу, оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Еңбек нәтижелерін, өзіңнің және құрдастарыңның шығармашылық қызметін бағалауға және құрметтеуге үйрету, кішілерге көмек көрсету, қажет болған жағдайда өзіне жүгіну.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойынға өз бетінше бастама жасау, Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету; Қазақстан Республикасының Президенті туралы, оның өз халқы үшін қызметінің маңыздылығы туралы идеяларды қалыптастыру.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысы ережелерін сақтауға саналы көзқарасты қалыптастыру; «Балалар», «Трамвай аялдмасы», «Автобус аялдмасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Балалардың зерттеу іс-әрекетіне жағдай жасау, табиғатпен танысу процесінде заттар мен құбылыстарға тән белгілерді байқау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері ретіндегі белгілерін байқау және себеп-салдарлық байланыстарды бөлісу: олар жапырақтармен, сабақтармен (діңімен), тамырлармен тыныс алады; жылу, суық, шуақты немесе бұлтты ауа-райының келуін «сезінеді»; өсіп, көбейеді.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау: бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді</p>

	<p>бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.</p>
Мүсіндеу	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу; мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, көрпе, жастық), киіз үйдің безендірілуімен (кереге, уық, шаңырақ, сағана, басқұр) таныстыру, көрсетілген заттарды қалауы бойынша ою-өрнектермен безендіру.</p> <p>Тапсырмаларды дәйекті түрде орындай отырып, жеке және шағын топтарда сюжеттік композицияларды орындау</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық сюжеттік құрылысқа ынталандыру; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; қағаздан құрастыру әдістерін қолдана отырып, жазықтық материалды көлемді формаларға айналдыру дағдыларын бекіту; дайын үлгіде, қарапайым сызбада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, контур бойымен кесу және кесу үшін қайшыны қолдану</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажырата білуге үйрету (марш, би, ән); шығарманың жеке фрагменттері бойынша әуендерді тану арқылы музыкалық жадыны жетілдіру (кіріспе, қорытынды, музыкалық фраза).</p> <p>Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын меңгеру: жыбырлаған қадам, ауыспалы қадам, шоқырақтау, әр түрлі бағытта секіру.</p> <p>Билеу. Балаларға «Қаражорға» биі туралы түсінік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Дәстүрлі емес материалдан жасалған балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, дабыл, барабан, маракас, румба) және шу аспаптарында ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Ақмола облысы,
Қосшы қаласы

ЖШС «Амина-2011»
балабақшасы



Ақмолинская область,
город Косшы

ТОО «Амина-2011»
детский сад



**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ:**

«Қарлығаш» мектепалды тобы

Тәрбиеші : Исабекова А.Б.

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024/2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы *Амина-2011 балабақшасы*

Топ/сынып: *Қарлығаш мектепке дейінгі ұйымның мектепалды тобы*

Балалардың жасы: бес жастағы балалар

Кезеңі: *наурыз*

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қозғалыс дағдылары мен дағдыларын бекіту және жетілдіру.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Жүгіру. Жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту.</p> <p>Секіру. Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапта қолды алға созып теңдікті сақтай білуге үйрету, сапта және қатарда қолды екі жаққа созу; оңға, солға бұрылу, шеңбер бойымен өту және секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан</p>

	<p>қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойындар. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Обучать умению правильно подбирать слова при рассказе о предметах, игрушках, содержании сюжетной картины, явлений природы Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға үйрету.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p>
<p>Грамота негіздері</p>	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаның дұрыс орналасу ережелерімен таныстыру. Жазу бетінде бағдарлау, жұмыс жолын</p>

	және жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигураларды, көкөністерді, жемістерді көлеңкелеуге, бояуға үйрету; контурдан шықпай дайын сызбаларды сызу.
Қазақ тілі	<p>Тілдің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу және артикуляциялық аппараттарды, тыныс алуды және нақты дикцияны дамытуды жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Тікелей және кері есепті 10-ға дейін бекіту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жекеше және көпше зат есімдерді қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өзі туралы (аты, тегі, жасы), өз отбасы туралы айту, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту қабілетін жетілдіру (Сәлеметсіз бе? Сау болыңыз! Рахмет!).</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде жиынның әртүрлі бөліктерін салыстыру қабілетін дамыту; жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау.</p> <p>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен (теңдік теңдіктен теңсіздікке) немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыстар туралы ұғымды жетілдіру (атасы, әжесі, жақын туыстары), өзінің туыстық шежіресін білу.</p> <p>Заттық әлем, кеңістіктік бағдар. Үй-жайда, балабақша учаскесінде, жақын маңдағы шағын ауданда еркін шарлау қабілетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.</p>

	<p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, олардың белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін жабдықталуын білу, ұялы телефондарды, компьютерлерді, интернетті, теледидарды қолдануды білу, оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға мұқият қарау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллекбус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту, арамшөптерден тазарту, себу, отырғызу, бүрку, өсімдіктерді көбейту (жапырақ және сабақ қалемшесі, мұрт); табиғи ортадағы өсімдіктермен, бөлме өсімдіктерімен өзара әрекеттесу процесінде мінез-құлық ережелерін сақтау қажеттілігі.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Қоршаған әлемде, табиғатта мінез-құлық ережелерін меңгеру қабілетін дамыту; өз өмірінің қауіпсіздік ережелерін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, басқа адамдардың көліктеріне отырмау, бөгде адамдардың өтініштерін орындамау).</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде</p>

	<p>орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Қарындаштармен сурет салу кезінде саусақтарды қатты баспау, қарындашты көлбеу ұстаңыз, жіңішке сызықты біркелкі, жеңіл қозғалыспен, бір бағытта – алға және артқа жүргізу, контурдан шықпау.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
Жапсыру	<p>Қағаз парағында заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Апликация жасау кезінде объектілердің арақатынасын шамасы бойынша жеткізе білуге, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын көруге үйрету; әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі жағдайларды бейнелеу; шаблондар және трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу; композиция, перспектива ережелеріне сәйкес өз жұмысын құру</p>
Құрастыру	<p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p>

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Билер. Балаларға «Қаражорға» биі туралы түсінік беру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру